

«Назарбаев Университеті» Дербес білім беру үйімі
010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
Қабанбай батыр даңғылы, 53
Телефон: +7 (7172) 70 90 48, факс: +7 (7172) 70 60 54
e-mail: president@nu.edu.kz

The Autonomous Organization of Education Nazarbayev University
010000, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan city
53, Kabanbay batyr Ave.
Tel.: +7 (7172) 70 90 48, fax: +7 (7172) 70 60 54
e-mail: president@nu.edu.kz

ПРЕЗИДЕНТ

PRESIDENT

« 14 » 06 2022
к 03 - 10/31

Factcheck.kz сайтына

2022 жылғы 03 маусымдағы
№F-27-22 шығыс хатқа

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйімі Сіздердің ақпаратты
ұсыну туралы сауалынызға жауап ретінде осы хатқа қосымшаға сәйкес келесі
ақпаратты жібереді.

Өз ризашылығымызды білдіріп, Сіздермен одан әрі ынтымақтастық
қарым-қатынастарға үміттенеміз.

Қосымша: 3 бет.

Президент

Шигео Катсу

Орынд.: А. Саржанова
тел. +77026021210

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру үйімі (бұдан әрі - Назарбаев Университеті, Университет немесе НУ) сіздерге Университет қызметіне қызығушылық танытқаның үшін ризашылығын білдіреді және сіздің 2022 жылғы 3 маусымдағы № F-27-22 сұрауыңызға жауап ретінде төмендегіні хабарлайды:

Назарбаев Университеттің негізі 2010 жылы қаланған. Университетте қысқа мерзім ішінде 7 мектеп ашылды: Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі; Жаратылыштану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі; Медицина мектебі; Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі; Жоғары бизнес мектебі; Жоғары мемлекеттік саясат мектебі; Жоғары білім мектебі.

Соңғы бес жылда (2017 жылдан бастап) университеттің ғылыми жарияланымдарының жалпы саны 1625-тен 6124-ке дейін төрт есе өсті. Бұл – Қазақстанда жарияланған жұмыстардың жалпы санының шамамен 1/6 бөлігі (38363). Scopus нұсқасы бойынша университеттің беделді Q1¹ журналдарындағы жарияланымдарына қатысты да осындай үрдіс байқалады. Олардың саны 615-тен 2540-қа дейін өсті, бұл қазақстандық ғалымдар Q1 (6933) журналдарында жариялаган ғылыми жұмыстардың жалпы санының 1/3 астамын құрайды.

Білім саласы бойынша мөлшерленген дәйексөзділік коэффициенті (FWCI) бес жыл ішінде 1,34 құрады. Бұл университеттің басылымдары дүниежүзілік орташа 1-ге² сәйкес көрсеткіш бойынша күтілгеннен 34%-ға артық сілтеме жасалғанын білдіреді. Бұл профессор-оқытушылар құрамының өсіп келе жатқан сапалық деңгейін көрсетеді, оның 30% PhD³ дәрежесі бар қазақстандықтар құрайды. Осылайша, Университет 2018-2030⁴ стратегиясында баяндалған зерттеу ЖОО ретінде қалыптасу және жергілікті әлеуетті дамыту бойынша міндеттерді орындаиды.

1. Назарбаев Университеті құрылғалы бері қанша түлек оқу бітірді? Әр жылды жеке-жеке берсеңіздер (2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021 және 2022).

2010 жылы Назарбаев Университеті Foundation бағдарламасына алғашқы студенттерді қабылдап, бір жыл ішінде бакалавриат бағдарламасына дайындықты өткізді. Сондықтан, Университет 2015 жылды алғашқы түлектер легін шығарды. 2015-2021 жылдар

¹ Q1 – бұл ең беделді журналдарга жататын ғылыми журналдардың категориясы.

² Салыстырмалы түрде карасақ, Қазақстан үшін сол кезеңдегі жалпы FWCI 0,96 құрайды, яғни казақстандық ғылыми жұмыстар әлем бойынша орташа көрсеткіштен 4%-ға аз.

³ Университет ашылған жылдары олардың саны 10% - дан аз болды.

⁴ https://nu.edu.kz/ru/about/file?name=1_NU-Strategy_RUS_2030-1.pdf

ішінде 5895 адам Университеттің тұлектері атанды. Жылдар бойынша көрсеткіш төмөндегідей:

2015 жылы - 522 тұлек
2016 жылы - 635 тұлек
2017 жылы - 720 тұлек
2018 жылы - 844 тұлек
2019 жылы - 980 тұлек
2020 жылы - 1068 тұлек
2021 жылы - 1126 тұлек

2022 жылдың маусым айында тұлектердің саны - 1290. Университеттің әртүрлі бағдарламаларында оқу әртүрлі уақытта аяқталатындықтан, 2022 жылдың тұлектері туралы көрсеткіш жылдың сонына дейін өсетін болады.

2. Назарбаев Университеті құрылғалы бері бітірген тұлектердің қаншасы және қанша пайызы Қазақстанда қызмет атқаруда? Әр жылды жеке-жеке көрсетсөніздер (2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021 және 2022).

12 жыл бойы Назарбаев Университеті жас үрпаққа өз әлеуетін толық көлемде іске асыруына және өмірдің әр түрлі салаларында табысқа жетуіне мүмкіндік беретін білімдер мен дағдыларды үйретіп, оқытты.

2021 жылдың желтоқсан айының деректері бойынша, 5895 адам Университеттің тұлектері атанды, соның ішінде 1251 адам немесе тұлектердің жалпы санының 21% астамы магистратура, резидентура, медицина докторы және докторантура бағдарламалары бойынша оқуды елімізде және шет елдерде жалғастыруды. Жұмысқа орналастыру бағдарламасының арқасында 2015-2021 жылдар арасында Назарбаев Университетін бітірген тұлектердің шамамен 71%, дәлірек айтсақ 4,152 адам әр түрлі қазақстандық және шетелдік ұйымдар мен компанияларда жұмыс істейді, оның ішінде 3372 тұлек Қазақстан Республикасында қызмет атқаруда. Тұлектердің 8% декреттік демалыста немесе мансаптық үзіліс алған. 2022 жылдың тұлектерінің қызметке орналасуы жайындағы ақпарат жыл сонында белгілі болады.

3. Назарбаев Университеті қандай халықаралық рейтингтерге енген бе, енсе қандай орында? Әр рейтингті бөлек және сілтемесімен берсеңіздер.

Қоғамдық деректерге сүйене отырып, Назарбаев Университеттің қатысуының бірқатар халықаралық агенттіктер өзінің бастамасымен НУ-ды рейтингтеріне енгізді.

Ал өзінің стратегиясына сәйкес, НУ бүгінгі күнге дейін рейтингтерге ресми түрде қатысқан жок. Кейде жас университеттер рейтингтерге ену үшін әрекеттерін тым ерте бастау қатесін жібереді. Мысалы, кейбір жас университеттер рецензияланған оқу және зерттеу беделінің көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде төмен бағага ие. Жас университеттерге қысқа мерзімде рейтингін көтеру қын болуы мүмкін.

Дегенмен, НУ Times Higher Education-мен⁵ байланыс орнатып, 2023 жылға қарай Университеттердің Әлемдік рейтингіне (World University Rankings) енуге үміттенеді.

Times Higher Education Назарбаев Университеті үшін лайықты рейтинг болып табылады, себебі ол оқыту және зерттеу беделінің көрсеткіштерін есептеу үшін зерттеу нәтижелері туралы Elsevier деректері, дербес қаржылық және халықаралық болжам деректері және белсенді зерттеушілердің әріптестік шолуларының комбинациясын пайдаланады. Elsevier деректері сонымен қатар университеттердің дәйексөзділік индексін есептеу үшін негіз болады. Бұл метрика НУ үшін аса маңызды, өйткені ол халықаралық академиялық ықпалды өлшайді.

Стратегияға сәйкес, НУ соңғы бірнеше жыл ішінде Times Higher Education халықаралық зерттеу көрсеткіштеріне назар аударып жүрді. Бұл рейтинг Назарбаев Университеті сияқты жас, халықаралық деңгейге және зерттеулерге бағдарланған жоғары оқу орындарына ең лайықты рейтинг деп санаймыз.

⁵ <https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings>